

"Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалға алудың) үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 220 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1284 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 ақпанда № 12979 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 19 шілдедегі № 522 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 19.07.2019 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалға алудың) үлгілік шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 220 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10691 болып тіркеліп, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шартын бекіту туралы";

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарты бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалға алудың) үлгілік шартында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарты";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

" _____ қ. 20 _____ ж. " _____ "

(шарт жасалған орын) (шарт жасалған күн)

—

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

тұлғасында _____

—

(жарғы, ереже, № _____ ДК куәлігі, № _____ жеке басыңыз куәлігі) негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Жалға беруші" деп аталатын бір тараптан және _____

тұлғасында

(басқарушы компанияның атауы)

_____ негізінде әрекет ететін, (жарғы, ереже) бұдан әрі "Жалға алушы" деп аталатын _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, мына төмендегілер туралы осы жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдалану (жалға алу) шартын (бұдан әрі - шарт) жасасты:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жалға беруші уақытша өтеулі пайдалануға (жалға алуға) берілген арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА) аумағы шегінде 20 _____ жылғы " _____ № _____ тіркелген, меншік құқығын беретін 20 _____ жылғы " _____ № _____ мемлекеттік актінің негізінде жеке меншік құқығында оған тиесілі жер учаскесін жалға алушыға береді.";

4-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалдау шарты - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Заңға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жалға беруші мен жалға алушы арасында жазбаша нысанда жасалған, Тараптар қол қойған, оған енгізілген барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, АЭА құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдалану (жалға алу) шарты;

5) жер учаскесі - _____ АЭА аумағындағы жер учаскесі;"

5-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қосалқы жалдау шарттарын жасасу құқығы бар;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Жалға беруші осы шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту туралы өтінішті жалға алушыға осы шарттың әрекет ету мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 1 (бір) айдан кешіктірмей жібереді.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Шарт біреуі жалға берушіде, екіншісі – жалға алушыда болатын, ал үшіншісі тіркеу үшін әділет органдарына берілетін бірдей заңды күші бар үш данада жасалды."

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті (Е.Қ. Хаиров):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек